



Орал қаласы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 1910 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 қазанда № 6431 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 829 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 13.04.2023 № 829 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңын басшылыққа алып, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Орал қаласы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары бекітілсін.

2. "Орал қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ж.Гумаров) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Кульбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

М. Мүлкәй

Орал қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 13 қазандағы
№ 1910 қаулысына қосымша

Орал қаласы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Елді мекен атауы	Сауда объектілерін орналастыру орындары
1	Зачаган кенті	"Балауса" шағын ауданы, Шоқан Уәлиханов және Сабыр Рахимов көшелерінің қиылысы
2	Зачаган кенті	"Балауса" шағын ауданы, Есет батыр және Кәрім Жәленов көшелерінің қиылысы

3	Деркөл кенті	"Көкжиек" шағын ауданы, Қарасай батыр және Лев Гумилев көшелерінің қиылысы
4	Деркөл кенті	"Көкжиек" шағын ауданы, Қайым Мұхамедханов және Малтақан би көшелерінің қиылысы
5	Деркөл кенті	"Сарыарқа" шағын ауданы, Отырар және Роза Бағланова көшелерінің қиылысы
6	Орал қаласы	"Жұлдыз" шағын ауданы, Хантәңірі және Ермек Серкебаев көшелерінің қиылысы
7	Орал қаласы	"Жұлдыз" шағын ауданы, Фариза Оңғарсынова және Сырдария көшелерінің қиылысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК